

## ХАБАРЛАНДЫРУ!!!

### «АЛАУ-2022»

## ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҮЛДЕСІНЕ АРНАЛҒАН БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

1. «Алау-2022» Өскемен қаласы әкімінің жастар арасындағы жүлдесі (бұдан әрі – Жүлде) Өскемен қаласында тұратын 14 пен 35 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының азаматтарына айрықша еңбектерін ынталандыру және бағалау мақсатында беріледі.

2. Жүлде салтанатты жағдайда табыс етіледі.

3. Жүлде 7 номинация бойынша жылына бір рет беріледі:

**I. «Үздік оқушы»;**

**II. «Үздік студенттік көшбасшы»;**

**III. «Үздік жас ұстаз»;**

**IV. «Үздік жас ғалым»;**

**V. «Үздік жас өндіріс маманы»;**

**VI. «Үздік жас спортшы»;**

**VII. «Үздік жас блогер».**

Бір үміткер екі және одан көп номинацияға ұсынылмайды.

4. Жүлдеден үміткер жастарды жергілікті мемлекеттік органдар, шығармашыл және кәсіптік одақтар, жастардың қоғамдық бірлестіктері және басқа да ұйымдар ұсынады немесе өзін-өзі ұсынады.

Байқау құжаттары (ұсыныс, өмірбаяны, мінездеме), сондай-ақ, үміткердің айрықша үлесін дәлелдейтін шығармашылық және өзге де құжаттар Өскемен қаласы әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұсынылады.

5. Байқау құжаттарын қабылдау, іріктеу, талқылау және Жүлдеге ұсыну туралы шешімдер қабылдауды комиссия жүзеге асырады. Комиссия мүшелері байқауға жіберілмейді.

6. Байқау құжаттарын қарастыру кезінде комиссия номинантқа қатысты қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

7. Жүлде беру туралы шешім комиссия құрамының 2/3 кем емес мүшелері қатысқан отырысында көпшілік дауыспен шешіледі.

8. Жүлдені Өскемен қаласының әкімі табыс етеді.

9. Жүлде үміткерге бір рет беріледі. Жүлде мөлшері әр номинация бойынша 100 000 тенгені құрайды.

10. Қала әкімінің Жүлдесіне үміткерлерді іріктеудің критерилері:

**I. «Үздік оқушы»:**

- Жас мөлшері 14 пен 18 жас аралығы;
- Қаланың бір мектебінің оқушысы;
- Оқу мен спортта үздік, республикалық, халықаралық олимпиадалардың жүлдегері;
- Көшбасшылық сапаға, айрықша білім дағдысы мен шеберлікке ие болуы;
- Қала көлемінде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда зор үлес қосып жүрген;

- Қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып жүрген;
- Соңғы 3 жылда Мемлекет басшысы, әкімшілік, партия, үкіметтік емес ұйым немесе басқа да ұйымдар мен мекемелер тарапынан алғыс хат, грамоталардың, курстан өткені туралы немесе білім сертификаттарының болуы қажет.

### **II. «Үздік студенттік көшбасшы»:**

- Жас мөлшері 16 пен 25 жас аралығы;
- Қаланың жоғары оқу орындары немесе техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің бірінде күндізгі бөлімінде оқитын студенті;
- Көшбасшылық сапаға, айрықша білім, дағды мен шеберлікке ие болуы;
- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының басшысы немесе мүшесі;
- Қала көлемінде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда зор үлес қосып жүрген;
- Қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып жүрген;
- Оқу мен спортта үздік, республикалық, халықаралық олимпиадалардың жүлдегері;
- Соңғы 3 жылда Мемлекет басшысы, әкімшілік, партия, үкіметтік емес ұйым немесе басқа да ұйымдар мен мекемелер тарапынан алғыс хат, грамоталардың, курстан өткені туралы немесе білім сертификаттарының болуы қажет.

### **III. «Үздік жас ұстаз»:**

- Жас мөлшері 18 пен 35 жас аралығы;
- Оқу орнында еңбек өтілі 3 жылдан кем емес;
- Мемлекеттік жастар саясаты аясында ақпараттандыру жұмыстарын белсенді жүргізіп жүрген;
- Өз қызметі саласында елеулі жетістіктерге жеткен немесе әлеуметтік-маңызды және қоғамдық қызметке айрықша үлес қосқан;
- Қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып жүрген;
- Соңғы 3 жылда Мемлекет басшысы, әкімшілік, партия, үкіметтік емес ұйым немесе басқа да ұйымдар мен мекемелер тарапынан алғыс хат, грамоталардың, курстан өткені туралы немесе білім сертификаттарының болуы қажет.

### **IV. «Үздік жас ғалым»:**

- Жас мөлшері 18 бен 35 жас аралығы;
- Ғылым саласында дәлелденген ғылыми жұмыстары (патенті бар);
- Ғылыми дәрежесінің болуы;
- Республикалық, халықаралық ғылыми журналдарда мақалалары жүйелі түрде жариялануы керек;
- Соңғы 3 жылда Мемлекет басшысы, әкімшілік, партия, үкіметтік емес ұйым немесе басқа да ұйымдар мен мекемелер тарапынан алғыс хат, грамоталардың, курстан өткені туралы немесе білім сертификаттарының болуы қажет.

### **V. «Үздік жас өндіріс маманы»:**

- Жас мөлшері 18 пен 35 жас аралығы;
- Алған мамандығы бойынша жұмыс жасау;
- Өндіріс саласында еңбек өтілі 3 жылдан кем емес;

- Мемлекеттік жастар саясаты аясында ақпараттандыру жұмыстарын белсенді жүргізіп жүрген;
- Өз қызметі саласында елеулі жетістіктерге жеткен немесе әлеуметтік-маңызды және қоғамдық қызметке айрықша үлес қосқан;
- Соңғы 3 жылда Мемлекет басшысы, әкімшілік, партия, үкіметтік емес ұйым немесе басқа да ұйымдар мен мекемелер тарапынан алғыс хат, грамоталардың, курстан өткені туралы немесе білім сертификаттарының болуы қажет.

#### **VI. «Үздік жас спортшы»:**

- Жас мөлшері 18 пен 35 жас аралығы;
- Өз қызметі саласында елеулі табыстарға қол жеткізген немесе әлеуметтік-маңызды және қоғамдық қызметке ерекше үлес қосқан;
- Мемлекеттік жастар саясаты саласында, ақпараттандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізген;
- Соңғы 3 жылда алғыс хаттар, грамоталар, сертификаттар, жүлделі орындарға ие болған;
- Қаланың спорттық өміріне белсенді қатысу;
- Өткізілетін іс-шаралар және олардың қала үшін маңыздылығы (іс-шаралар саны);

#### **VII. «Үздік жас блогер»:**

- Жас мөлшері 18 пен 29 жас аралығы;
- Өз саласында елеулі табыстарға қол жеткізген немесе әлеуметтік-маңызы бар және қаланың қоғамдық қызметіне ерекше үлес қосқан;
- Жазылушылар саны, ұнатулар мен пікірлердің сәйкестігі;
- Мазмұн сапасы, блог қанша уақыттан бері жүргізіліп келеді, жүктелген фотосуреттер саны, аккаунттың жиі қолданылуы, жарнаманың болмауы.
- Аудиторияның сапасы. Түсініктемелердің сапасы және алдаудың болмауы бағаланады.
- Мемлекеттік жастар саясат саласында ақпараттандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізу;

#### **11. Конкурстық құжаттарды рәсімдеу талаптары:**

Байқауға қатысушының өтініші MS Office Word мәтіндік редакторымен, Times New Roman шрифті, мәтін өлшемі – 14, жоларалық интервал – 1, жиегі – 20 см. барлық жағынан абзацтық бос орын болуы тиіс.

Негізгі (титулдық) бетте үміткердің толық аты-жөні, тегі (ұйымның атауы), жұмыс орны, лауазымы (оқу орны, курсы, факультеті, мамандығы).

Одан кейінгі жолда номинацияның ережеге сәйкес атауы дұрыс жазылуы тиіс.

Келесі жолда үміткердің 3\*4 фотосы (ұйымның эмблемасы).

Қатысушылар туралы құжаттар **ағымдағы жылдың 15 қарашасынан 10 желтоқсанына дейін** Әуезов даңғылы, 5 мекен-жайы 2 қабат, 13 кабинетте орналасқан Өскемен қаласы әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ қабылданады.

*Анықтама телефондары: 8/7232/250-170, 8(708)325-88-67 Асқаров Ермек.*